

Бухгалтерлік есептің 21 стандарты Банктердің қаржылық есебі

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдістемелік Департаменті 1997 жылғы 12 желтоқсан N 79 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 7 ақпан N 448 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2001 жылғы 22 қарашадағы N 503 бұйрығымен.

МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН САЛАСЫ

1. Бұл стандарт банктерге қолданылады.
2. Осы стандартта банктердің қаржылық есебіне қойылатын талаптар мазмұндалған, оның ішінде басқару мен өтімділік пен тәуекелді басқару мен бақылау мәселелері жөнінде ақпараттарға талдау жасалған.
3. Осы стандарт уәкілетті органдар бекіткен бухгалтерлік есеп

стандарттарын толықтырады.

4. Осы стандарт жекелеген банк есептеріне де, біріктірілген банк есептеріне де қатысты. Банк операцияларын банк пен оның еншілес банктері жүргізген жағдайда, сол операцияларға байланысты бұл стандарт біріктіру негізінде қолданылады.

5. Банктер қаржылық есеппен ғана шектелмей, мынадай есептерді қоса тапсыруға тиіс:

- 1) бухгалтерлік баланс;
- 2) қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп;
- 3) ақша қозғалысы туралы есеп;
- 4) меншік капиталының қозғалысы туралы есеп;
- 5) банктің ықтимал және шартты міндеттемелері туралы есеп;
- 6) қаржы активтері мен міндеттемелерін өтеу мерзімдері туралы есеп;
- 7) активтер мен міндеттемелерді шоғырландыру бойынша есеп;
- 8) түсініктеме жазба.

АНЫҚТАМАСЫ

6. Мерзімі өткен қарыз - тараптардың біреуі шартта көзделген мерзімде өтемеген актив немесе мерзімінде қайтармаған міндеттеме.

7. Оқшауланған қарыз - актив, ол бойынша негізгі борыштың төлем мерзімінің өтіп кетуі себепті және/немесе сыйақы (мүдделік) төлем жасау және/немесе заемшының ауыр қаржы жағдайына байланысты ол бойынша сыйақы есептеуді тоқтату (банк басшылығының қалауы бойынша).

8. Шартты міндеттемелер - банктің басқа адаммен шарттық құқықтық қатынастарына сәйкес белгілі бір жағдайлар туған кезде банк төлеуге тиісті ақша сомасы.

9. Ықтимал міндеттемелер - банктің басқа адаммен шарттық құқықтық қатынастарына сәйкес белгілі бір жағдай туған кезде банк төлеуі мүмкін ақша сомасы.

10. Банктің қалыпты қызметі - банкке берілетін лицензияға сәйкес, сондай-ақ қосымша ретінде оған ілесе әрі байланысты туындайтын экономикалық қызметінің бір бөлігіндей банктің жүзеге асыратын кез келген қызмет.

11. Банктің есеп жүргізу саясаты - бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есепті ашып көрсету үшін олардың принциптеріне және негіздеріне сәйкес банктің уәкілетті органы қолданатын әдістер жиынтығы.

12. Сатуға арналған бағалы қағаздар - банк сатып алған және тезірек қайта сату мақсатында ұстап қалатын бағалы қағаздар категориясы.

13. Сатуға жарамды бағалы қағаздар - банктің сатып алған және қайта сату мақсатын көздемейтін, бірақ бағалы қағаздар бойынша ставканың өзгеруіне, табыстылығына, өтімділігі мен басқа да жағдайларға жауап ретінде банк сата алатын бағалы қағаздар категориясы.

14. Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар - банк сатып алып, олардан мүдде түрінде табыс табу мақсатында өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар категориясы.

15. Капиталға жұмсалатын инвестициялар - басқа компаниялардың басқару немесе компанияға ықпал ету мақсатында сатып алған акциялары.

16. Маржа - бұл активтер бойынша сыйақы түрінде кіріс пен міндеттемелер бойынша сыйақы түріндегі шығыс арасындағы айырмашылық.

17. Сыйақы (мүдде) түріндегі кіріс (шығыс) - кредит, депозит және т.б. бойынша ақша ұсынуға (ресурстарды тартуға) байланысты кіріс (шығыс).

18. Операциялық және басқа да кіріс (шығыс) - ақша ұсынуға (ресурстарды тартуға) байланысты емес кіріс (шығыс). Мысалы, ақша аудару жөнінде қызмет көрсеткені үшін, негізгі құрал-жабдықтары үшін, телефон үшін төлем және т.б.

19. Банктер сонымен бірге басқалардан өзгеше әдістерді қаржылық есептерде статьяларды тану және статьяларды бағалау үшін қолданады. Осыған орай мынадай ақпараттарды ашу қажеттігі туындауы мүмкін:

- 1) кірістің негізгі түрлері;
- 2) сатуға арналған, сатуға жарамды бағалы қағаздарды бағалау;

өтелгенге дейін ұсталатын және инвестициялық бағалы қағаздар;

3) шаруашылық қызметтің негізгі операциялары мен басқа да жағдайлар арасындағы шектеулер, олардың нәтижесінде баланстық есептің активтері мен міндеттемелері танылады, және шаруашылық қызметтегі операциялар мен басқа да жағдайлар, олардың нәтижесінде шартты және ықтимал міндеттемелер туындайды;

4) үмітсіз қарыздарды айқындау үшін негіздер және оны есептен шығару тәртібі;

5) шығыстарды жалпы банктік тәуекелге жатқызу үшін негіздер және сондай шығыстардың есебін жүргізу әдістемесі.

БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС

20. Бухгалтерлік баланстағы активтер мен міндеттемелер олардың мәні бойынша топтастырылады және өтімділік ретіне қарай түзіледі.

21. Банктің бухгалтерлік балансы негізгі үш бөлімнен: активтерден, міндеттемелерден және өз капиталынан тұрады.

22. Бухгалтерлік баланс мұнымен шектеліп қоймай мына статьяларды біріктіруге тиіс:

АКТИВТЕР:

Ақша;

Ұлттық Банктегі депозит шоты;

басқа банктердегі ақша рыногы депозиті мен кредитке бөлінген депозит шоттары;

Кері "РЕПО" жөніндегі келісім бойынша сатып алынған бағалы қағаздар;

Банк портфеліндегі бағалы қағаздар;

Аффинирленген бағалы металдар;

Заңды тұлғалар мен жеке адамдарға берілген кредиттер;

Капиталға инвестициялар;

Өтелмеген акцептер бойынша клиенттердің міндеттемелері;

Негізгі құрал-жабдықтар (амортизациясын шығарғанда);

Материалдық емес активтер (амортизациясын шығарғанда);
Банктің басқа да активтері;
Жіктелетін активтер бойынша залалдарды жабуға ("минус"
белгісімен) арналған резервтер (провизиялар);

МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Банктердің депозиттері (талап ету, жинақтау және мерзімдік);
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алдындағы борыштар;
Басқа да банктер алдындағы борыштар;
Занды тұлғалар мен жеке адамдар алдындағы борыштар;
Бағалы қағаздар;
Халықаралық қаржы ұйымдарының алдындағы борыштар;
Өтелмеген акцептер бойынша банк міндеттемелері;
Басқа да қарыз алу;
Басқа да міндеттемелер;

ӨЗ КАПИТАЛЫ:

Жарғылық акционерлік капитал:

Қосымша капитал;

Бөлінбеген таза табыс пен капитал резерві;

Сатуға жарамды бағалы қағаздар бойынша игерілмеген таза табыс;

Акционерлерден сатып алынған өз акциялары;

23. Банк бухгалтерлік баланс статьяларын ашқан кезде қаржылық
ақпараттың толық берілуін қамтамасыз етуі тиіс.

24. Егер есепке алу мен өтемақыға заңды құқығы болмаса немесе бұл
активті сатудан не міндеттеме төлемін күтуден көрінбесе, бухгалтерлік
балансқа енгізілген кез келген актив немесе міндеттеме басқа бір
міндеттемені немесе активті шегерумен өтелмейді.

25. Банк өзінің депозиттік сертификаттарын немесе басқа борыштық
міндеттемелерін эмиссиялау жолымен алған депозиттерін жеке ашып көрсетуі
тиіс.

26. Егер бағалы қағаздардың сомасы қаржылық есептегі баланстық
құнынан өзгеше болса, банк бағалы қағаздардың рыноктық құнын "Қаржылық
инвестицияларды есептеудің" 8-бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес ашуға
тиіс.

ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

27. Қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есепке осымен ғана шектелмей кіріс пен шығыстардың мынадай баптары енгізілуге тиіс.

- бағалы қағаздар бойынша тікелей берген кредиттерге байланысты ұсынылған кредиттерді, депозиттерді, комиссиялық алымдар бойынша сыйақы (мүдде) түріндегі кірісті егжей-тегжейлі саралау;

- бағалы қағаздар бойынша тікелей алынған кредитке байланысты алынған кредит, алынған депозиттер, комиссиялық алымдар бойынша сыйақы (мүдде) түріндегі шығысты егжей-тегжейлі саралау;

- маржа;

- операциялық кіріс, дилингтік операциялардан кірістер бойынша,

комиссиялық алымдардан, басқа да операциялық кірістер және басқадай кірістер бойынша саралау;

- операциялық шығыс, дилингтік операциялардан шығыстар бойынша, комиссиялық шығыстар, басқа да операциялық шығыстар, резервтерге қаржы бөлу, еңбекақыға және іссапарларға, жалпы шаруашылық шығындары, кіріске салынатын салықтан басқа салықтар, амортизациялық аударымдар және басқа шығындар бойынша саралау;

- төтенше жағдайлардан кіріс (шығыс);

- табыс салығы;

- салық салынғаннан кейінгі таза кіріс (шығын).

28. Есеп беру және қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелерін анықтауға қойылатын талаптар "Банктердің кірістері мен шығыстарының" 22-бухгалтерлік есеп стандартында қарастырылады.

29. Банк қызметінің тиімділік дәрежесін пайдаланушылар бағалай алуы үшін кірістің әрбір түрі жеке сараланады. Банк қызметінің деңгейін пайдаланушылар бағалай алуы үшін шығыстың әрбір түрі жеке сараланады.

30. Сыйақы (мүдде) түріндегі кірістер мен шығыстар маржаның құрылымы мен өзгерістерінің себептеріне толығырақ түсінік беру үшін жеке сараланады.

АҚШАНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

31. Ақша қозғалысы туралы есепте операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметке қатысты есеп беріп отырған кезіндегі мәліметтер болуға тиіс. Банк қызметін түрлері бойынша жіктеу пайдаланушыларды банк қызметі түрлерінің оның қаржылық жағдайына ықпалын бағалауға мүмкіндік беретін ақпараттармен қамтамасыз етеді.

32. Банк операциялық қызметтен түсетін ақшаның қозғалысын жанама әдісті пайдалана отырып ашады. Банк қызметінің төмендегі түрлерінің түсетін ақша қозғалысы нетто-негіздемеден көрінеді:

- 1) клиенттер ақшасының қозғалысы;
- 2) депозиттерді орналастыру, тарту және жабу жөніндегі операциялар;
- 3) кредит беру, алу және өтеу жөніндегі операциялар.

33. Операциялық қызметтен болатын ақша қозғалысына мынадай статьялар кіреді:

- банктің таза кірісі;
- амортизация;
- құрылған резервтер бойынша өзгерістер;
- алдын ала төленген шығыстар бойынша өзгерістер;
- есептелген кірістер бойынша өзгерістер;
- мерзімінен бұрын төленген салықтар бойынша өзгерістер;
- банктің басқа да активтері бойынша өзгерістер;
- банктің басқа да міндеттемелері бойынша өзгерістер;
- есептелген шығыстар бойынша өзгерістер;
- кейінге қалдырылған салықтар бойынша өзгерістер.

34. Қаржы активіне және негізгі қаражатқа ақша салуға байланысты инвестициялық қызметтен болатын ақша қозғалысы:

- негізгі құрал-жабдықтарды алу және сату жөніндегі;
- материалдық емес активтерді сатып алу және сату бойынша;
- бағалы қағаздарды сатып алу және сату жөніндегі;
- кредит беру және оны өтеу жөніндегі;
- депозиттерді орналастыру және өтеу жөніндегі қозғалыс кіретін

статьялардан тұрады.

35. Қаржылық қызметтен болатын ақша қозғалысы:

- банк алдындағы міндеттемелер жөніндегі;
- клиент алдындағы міндеттемелер жөніндегі;
- үстіміздегі жылғы табыс салығы бойынша міндеттемелер жөніндегі;
- бағалы қағаздар шығару мен оларды өтеуге байланысты міндеттемелер жөніндегі;
- төленетін дивидендтер жөніндегі;
- ретке келтірілген банк борышы жөніндегі;
- жарғылық капитал, резерв қорын және капиталдың басқа да шоттары жөніндегі қозғалыс кіретін статьялардан тұрады.

36. Ақшаның қозғалысы туралы есепте негізгі қаражатты қайта бағалау сияқты ақша қозғалысына байланысты емес операциялардың нәтижелері көрсетілмейді. Шетел валюталарын қайта бағалаудың нәтижелері жеке статьяда

көрсетіледі.

Ақшаның қозғалысы туралы есептің барлық статьялары неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында ашып көрсетіледі.

БАСҚА ДА ЕСЕПТЕР

Өз капиталының қозғалысы туралы есеп

37. Банк өз капиталының қозғалысы туралы есепте табыс табудың, алынған табысты бөлудің, банк акциясын шығару мен сатып алудың, капиталды қайта бағалау және басқа да өзгерістер нәтижесінде болған капиталдың әр статьясы бойынша өзгерістердің мәні мен сомаларын талдайды.

38. Банк өз капиталының бір жылғы елеулі қозғалысын, оның ішінде өз капиталының қозғалысы туралы есепте көрсетілмегендерін талдайды.

Банктің ықтимал және шартты міндеттемелері туралы есеп

39. Банк мынадай шартты және ықтимал міндеттемелердің мәні мен сомасын талдап көрсетуі тиіс:

- 1) Кепілдіктер мен өтелмеген аккредитивтер;
- 2) Қысқа мерзімді өзінен-өзі жойылатын міндеттемелер, олар өтелген аккредитивтер, кредит беру жөнінде келісімдер немесе депозиттер қабылдау туралы келісімдер бойынша туындайды;
- 3) Бухгалтерлік баланста әзірге танылмаған сату мен сатып алу бойынша туындайтын міндеттемелер;
- 4) Своп, опцион, фьючерстік және форвардтық мәмілелерді қоса алғанда валюта айырбасының сыйақы (мүддесі) мен бағамына байланысты міндеттемелер.

40. Банк басқа тұлғалар алдындағы қамтамасыз етілген міндеттемелердің жиынтық сомасын, қамтамасыз ету ретінде кепілдікке салынған өз активтерінің мәні мен баланстық құнын ашады. Банктен кепілдік ретінде белгілі бір депозитті және басқа да міндеттемелерді нығайту үшін активтерін кепілдікке салу талап етілетін жағдайда, банк шығыннан сақтандырылған міндеттемелердің жиынтық сомасын, сондай-ақ кепілдік ретінде салынған активтердің мәні мен баланстық құнын ашады.

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері туралы есеп

41. Банк шартта көзделген есеп беру күнінен өтеу күніне дейінгі қалған кезеңге негізделген, өтелу мерзімі бойынша оларды топтастырғандағы қаржы активтері мен міндеттемелердің нәтижелерін талдауы тиіс. Банк берген түсініктемелерінде:

- оның қаржылық және іскерлік түпкілікті жоспары туралы ақпаратты қамтамасыз ету мақсатында алғашқы белгіленген қайтару күніне негізделген мерзімдерді;
- өтеу мерзімі келесі уақытқа дейінгі қалған кезеңге негізделген,

одан кейін ставкаларға байланысты оның тәуекелге бейімділігін бейнелеу мақсатында ставкаларды өзгерту мүмкіндігін;

- осындай тәуекелдерді басқару және бақылау әдістерін ашып көрсетуге тиіс;

Активтер мен міндеттемелерді шоғырландыру туралы есеп

42. Банк өзінің кез келген елеулі активтерін, міндеттемелерін және баланстан тыс статьяларын шоғырландыруын ашып көрсетуі тиіс. Мұндай талдау географиялық салаларды, тұтынушылық немесе салалық топтар, не басқа да тәуекелдік шоғырландыруды ескере отырып жасалады.

43. Банк сондай-ақ валюта бағамының өзгеруі нәтижесінде туындайтын тәуекелді көрсету үшін позициялық шетел валютасының едәуір сомасын ашуы тиіс.

ҚОСЫМША ТАЛДАУЛАР

Банк қызметінен болатын шығындар

44. Банк кредиттен болатын шығындарды талдағанда мыналарды көрсетуге тиіс:

- 1) есеп жүргізу саясаты өндіріп алу үмітсіз болған қарыздарды шығынға жатқызылып, оны есептен шығару негізінде сипатталады;

2) банк қызметінен болатын шығынды есеп беріп отырған кезең ішінде жабуға арналған резервке өзгерістер. Банк есеп беру кезеңінде сенімсіз қарыздан болған шығынды, сенімсіз қарыз бойынша шығын сомасын және есептеп шығарылған қарыз есептен шығарылып, орны толтырылған шығындар сомасын жеке талдап көрсетеді;

3) есеп берген күнге шығынды жабуға арналған резервтің жиынтық сомасы;

4) бухгалтерлік балансқа енгізілген мерзімі өткен және оқшауланған қарыздың жиынтық сомасы.

Трасттық қызмет

45. Егер банк елеулі трасттық қызметке тартылған болса, бұл фактілер туралы талдаулар мен оның көлемі жөнінде қаржылық есептерде көрсетіледі.

Байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар

46. Банк байланысты тараптармен операцияларды жүргізгенде "Байланысты тараптар туралы ақпаратты талдаудың" 10-бухгалтерлік есеп стандартын басшылыққа алады, және де мыналарды ашып көрсетеді:

1) әрбір заем мен аванстың, депозит пен жай вексельдің жеке сомасын; талдауға есеп беріп отырған кезеңнің басында немесе соңында төленбеген жиынтық соманы қоса енгізеді, сондай-ақ аванстар, депозиттер, өтемдер мен басқа да есеп беріп отырған кезеңдегі төлемдер;

2) әрбір негізгі кірістің түрінен, мүдде төлемдер шығыны, төленген

комиссиялық алымдардың сомасы;

3) заем мен аванстан есеп беріп отырған кезеңдегі кірістен шегерілген шығын сомасы және есеп беріп отырған күнгі резерв сомасы;

4) қайтарылмайтын міндеттемелер сомасы мен кездейсоқ жағдайлар мен баланстан тыс туындайтын міндеттемелер.

КҮШІНЕ ЕНГІЗІЛЕТІН КҮНІ

47. Осы стандарт 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК